

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ  
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ  
2018 ж. «19» 05 откізді  
ФИЛИАЛ НЕКОММЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА  
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ  
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ  
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ  
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА 2018  
БСН/БИН 180440028435

«First Heartland Capital» АҚ  
Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген  
2021 жылғы 23 сәуірдегі  
«First Heartland Jusan Bank» АҚ  
Директорлар Кеңесінің №23/04/21-01 хаттамасы

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ»  
КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ  
КҮРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ ЕҢІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР  
ЖӘНЕ ТҮРЛІКТІРУДҰРЫММЕН ЗАҢДЫ  
2021 ж. «19» 05 БҰИРЫҒЫ  
ФИЛИАЛ НЕКОММЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ГОСУДАРСТВЕННАЯ  
КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ  
УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫ  
С ВНЕСЕННЫМИ ИЗМЕНЕНИЯМИ И ДОПОЛНЕНИЯМИ  
ПРИКАЗ № 17885  
«19» 05 2021

«First Heartland Capital» Акционерлік Қоғамының

Жарғысы

Алматы, 2021 жыл

СМОТРИТЕ  
НА ОБОРОТЕ

Осы Жарғы Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және бекітілді және бұдан әрі «Қоғам» деп аталатын «First Heartland Capital» акционерлік қоғамының құқықтық мәртебесін, ұйымдастырылуының мен жұмыс істеуінің, қайта ұйымдастырылуы мен таратылуының тәртібін, Қоғам акционерлерінің құқықтарын мен міндеттерін, Қоғам органдарын құру тәртібі мен құзыреттерін анықтайды.

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

### **1-бап. Қоғамның атауы**

1. Қоғамның толық атауы:  
қазақ тілінде: «First Heartland Capital» Акционерлік Қоғамы;  
орыс тілінде: Акционерное общество «First Heartland Capital»;  
ағылшын тілінде: Joint Stock Company «First Heartland Capital».
2. Банктің қысқаша атауы:  
қазақ тілінде: «First Heartland Capital» АҚ;  
орыс тілінде: АО «First Heartland Capital»;  
ағылшын тілінде: JSC «First Heartland Capital».

### **2-бап. Қоғамның құқықтық мәртебесі**

1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, меншік құқығында оқшауланған жеке мүлкі бар және осы мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап береді, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерді иелене және орындай алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.  
Қоғамның ресми мәртебесі Қоғамның «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясында заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуімен және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі - «уәкілетті орган») берген ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық қоржынды басқаруға берген лицензиясының бар болуымен анықталады.
2. Қоғамның меншік түрі - жеке.
4. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ осы Жарғы мен Қоғамның ішкі ережелерін басшылыққа алады.
5. Қоғамның өз теңгерімі, мөрі, банкердегі шоттары бар. Қоғамның қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен тіркелетін өз тауар белгісі мен символикасы болуына құқығы бар.

### **3-бап. Қоғам мен оның акционерлерінің жауапкершілігі**

1. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі мүлік шегінде жауап береді.
2. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
3. Заңда қарастырылған жағдайларды және Қоғам немесе мемлекет өздеріне осындай жауапкершілікті алған жағдайларды қоспағанда, Қоғам мемлекеттің міндеттемелері үшін жауап бермейді, ал мемлекет Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

### **4-бап. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері**

1. Директорлар кеңесінің шешімімен Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында, сол сияқты одан тыс жерлерде филиалдар мен өкілдіктерді құруға құқылы. Қоғам филиалдары мен өкілдіктері заңды тұлғалар болып табылмайды және Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін өздері туралы ережелер негізінде Қоғам атынан әрекет етеді.
2. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары оларға Қоғам берген сенімхаттар негізінде әрекет етеді.
3. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері Қазақстан Республикасының, сондай-ақ өздері орналасқан мемлекеттердің заңнамасына сәйкес құрылады және жабылады.

### **5-бап. Қоғамның қызмет мерзімі**

Қоғамның қызмет ету мерзіміне шек қойылмайды.

**6-бап. Қоғам Басқармасының орналасқан жері**  
Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Медеу ауданы, Қажымұқан көшесі, 45.

## **2-тарау. Қоғамның қызметі**

### **7-бап. Қоғам қызметінің түрлері**

1. Қоғам қызметінің мақсаты заңды қызметін жүзеге асыру нәтижесінде кіріс алып отыру болып табылады.
2. Қоғам уәкілетті органның лицензиясы болған кезде келесі негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:
  - а) ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық қоржынды басқару;
  - ә) кеңес беру қызметтері;
  - б) талдау қызметтері.
3. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.  
Қандай да бір қызмет түрін жүргізу үшін уәкілетті органдардың (лицензиардың) арнайы рұқсаты (лицензиясы, сертификаты) қажет болған жағдайда Қоғам қызметтің осы түрін тек белгіленген тәртіппен тиісті рұқсат (лицензия, сертификат) алғаннан кейін және соған сәйкес жүргізеді.

## **3-тарау. Қоғамның мүлкі мен капиталы**

### **8-бап. Қоғамның мүлкі**

Қоғамның мүлкі оған жеке меншік құқығымен тиесілі.

Қоғамның мүлкі:

- а) орналастырылған акциялардың төлемақысынан;
- ә) қызмет нәтижесінде алынған кірістен;
- б) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа негіздер бойынша сатып алынған басқа да мүлік есебінен құралады.

### **9-бап. Қоғамның жарғылық және меншікті капиталы**

1. Қоғамның жарғылық капиталы құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшының) акцияларға олардың атаулы құны бойынша және инвесторлардың Қазақстан Республикасы заңнамаларымен белгіленген талаптарға сәйкес анықталатын орналастыру бағалары бойынша ақы төлеу арқылы қалыптасады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.
2. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту оның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы іске асырылады.
3. Қоғамның меншікті капиталын есептеу әдістемесін уәкілетті орган анықтайды.

### **10-бап. Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі**

Қоғамның таза кірісі (салықтар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдер теленгеннен кейін белгілі уақыт сәтін пайда болған) Жалғыз Акционердің шешімі бойынша дивидендтер түрінде бөлінуінемесе Қоғамның дамуына немесе Жалғыз Акционердің шешімімен ескерілген басқа да мақсаттарға жұмсалуды мүмкін.

### **11-бап. Қоғамның акциялары және өзге бағалы қағаздары**

1. Қоғам жай акцияларды немесе жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжаттамасыз нысанда шығарылады.
2. Акция бөлінбейді. Бір акция бірнеше тұлғаларға ортақ меншік құқығымен тиесілі болса, олардың барлығы бір акционер болып танылады және акциямен куәландырылған өз құқықтарын ортақ өкілі арқылы жүзеге асырады.
3. Бір түрдегі акция оны иеленетін әр акционерге осы түрдегі акциялардың басқа иелерімен бірдей құқықтар көлемін ұсынады.
4. Қоғамның олардың шығарылу шарттарын және орналастыру, айналысын және өтеуін Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасы белгілейтін басқа да бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.
5. Акцияларды ұстаушылардың тізілімін қалыптастыру, жүргізу және сақтау орталық

депозитариймен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іске асырылады.

6. Жай акция акционерге дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешкен кезде дауыс құқығы бар Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Қоғамның таза табысы болған кезде дивидендтер алу құқығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Қоғам таратылғаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігін алу құқығын береді.

7. Артықшылықты акцияларға иелік етуші акционерлердің жай акциялар иелеріне карағанда Қоғам Жарғысымен белгіленген, алдын ала анықталған кепілді мөлшерде дивидендтерді алуға, сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңында (бұдан әрі - Заң) белгіленген тәртіппен Қоғам таратылғаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігін алуға басымдық құқығы бар.

Орналастыру кезеңінде Қоғамның артықшылықты акциялар саны оның орналастырылған акцияларының жалпы санының 25 (жиырма бес) пайызынан аспауы тиіс.

8. Төмендегі жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді:

а) Қоғам акционерлері жалпы жиналысының шешімі артықшылықты акцияларға иелік етуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қарастырады. Мұндай шектеуге орналастырылған артықшылықты акциялардың жалпы санының кем дегенде үштен екісі (құны өтеліп сатып алынғандарын алып тастағанда) дауыс берген жағдайда ғана аталған мәселе бойынша шешім қабылданған болып саналады.

Шешім қабылдау артықшылықты акцияларға ие акционердің құқығын шектеуі мүмкін болатын мәселелерге келесі мәселелер жатады:

артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтер мөлшерін есептеу тәртібі өзгергенде немесе көлемі азайғанда;

артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу тәртібі өзгергенде;

артықшылықты акциялар Қоғамның жай акцияларына ауыстырылғанда;

ә) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының артықшылықты акциялардың, оларды Қоғам заңнамаға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кезде құнын анықтау әдістемесіне өзгерістер енгізу туралы мәселені қарастыруы;

б) Қоғам акционерлері жалпы жиналысының Қоғамды қайта құру немесе тарату туралы мәселені қарастыруы;

в) дивиденд Заңмен белгіленген негіздемелермен есептелмеген жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін 3 (үш) ай ішінде толық мөлшерде төленбеген;

9. Қоғам Қоғамның бір түрдегі орналастырылған акцияларын Қоғамның басқа түрдегі акцияларына айырбастауға құқылы. Қоғамның бір түрдегі орналастырылған акцияларын Қоғамның басқа түрдегі акцияларына айырбастау шарттары, мерзімі мен тәртібі акциялар шығарылымы андатпасы мен Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленеді.

10. Қоғамның айырбасталымды бағалы қағаздарды шығаруға құқығы бар.

11. Қоғамның акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздарын шығаруға Қоғамның жарияланған мен орналастырылған акциялар айырмасы шегінде жол беріледі.

12. Қоғамның айырбасталымды бағалы қағаздарын айырбастау шарттары, мерзімі мен тәртібі акциялар шығарылымы андатпасы мен Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленеді.

### **12-бап. Қоғамның акциялары мен басқа да бағалы қағаздарын кепілге беру**

1. Қоғам акционерлері Қоғамның бағалы қағаздарын кепілге беруге құқылы.

2. Қоғам акционерінің, егер кепілдік шарттарымен өзге жағдайлар қарастырылмаса, кепілге салынған акциялар бойынша дауыс беруге және дивиденд алуға құқығы бар.

3. Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарды тек мынадай жағдайларда: кепілге берілетін бағалы қағаздардың ақысы толық төленген болса;

Қоғамға кепілге берілетін және онда кепілде тұрған бағалы қағаздардың жалпы саны Қоғам сатып алған акцияларды қоспағанда, Қоғамның орналастырылған акцияларының 25 (жиырма бес) пайызынан аспайтын болса;

3) кепілге беру туралы шартты Қоғамның Директорлар кеңесі мақұлдағанда ғана кепілге қабылдай алады.

### **13-бап. Акциялар бойынша дивидендтер**

1. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, осы Жарғы мен акцияларды шығару аңдатпасына сәйкес таза табыс есебімен жылына бір рет төлене алады.
  2. Бір жай акцияға есептелген дивиденд мөлшерін Қоғамның Жалғыз акционері белгілейді.
- Қоғамның Жалғыз акционері осындай шешімді қабылдағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Жарғымен ескерілген бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті жариялаумен Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдауы мүмкін.
3. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу Қоғам органының шешімін талап етпейді.
  4. Қоғам артықшылықты акцияларды шығарған жағдайда, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу кезеңділігі мен бір артықшылықты акцияға дивиденд мөлшері осы Жарғымен белгіленетін болады.
  5. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша есептелетін дивидендтерді мөлшері Қоғамның дәл осы мерзімге жай акциялары бойынша есептелетін дивидендтері мөлшерінен кем болмауы тиіс.
  6. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу олар бойынша Қоғам акциялары ұстаушыларының тізілімінде өзекті деректер бар дивидендтерді алу құқығы бар акционерлерге артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер толығымен төленбейінше жүргізілмейді.
  7. Қоғам артықшылықты акцияларға иелік етуші акционерлерге дивидендтерді төлеу туралы Заңда белгіленген тәртіп пен мерзімде хабарлайды.
  8. Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дивидендтерді төлеу басталатын күннің алдындағы күнге жасалады.
  9. Заңда және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда, Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге болмайды.

### **14-бап. Қоғамның бағалы қағаздарды орналастыру және оларды сатып алу талаптары**

1. Қоғам акцияларын орналастыру Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі ережелерінде белгіленген әдістермен, тәртіппен және талаптармен жүзеге асырылады.
2. Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның ішкі ережелерімен реттеледі.

## **4-Тарау. Қоғам акционерлері. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері**

### **15-бап. Қоғам акционерлері**

1. Қоғам акционерлері болып Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғам акцияларын иемденетін Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент еместері - заңды және жеке тұлғалар табылуы мүмкін.
2. Қазақстан Республикасының заңнамасында басқа жағдай ескерілмесе, Қоғам акционерлерінің саны мен құрамы шектелмейді.

### **16-бап. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары**

1. Жай акцияларға нелік етуші Қоғамның Жалғыз акционері:
  - 1) Заң және (немесе) осы Жарғыда қарастырылған тәртіпке сәйкес Қоғамды басқаруға қатысуға;
  - 2) Заңға сәйкес Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;
  - 3) дивидендтерді алып отыруға;
  - 4) Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Жалғыз акционермен немесе осы Жарғыда анықталған тәртіппен Қоғамның қаржылық есепімен танысуға;

- 5) орталық депозитарийден немесе номиналдық ұстаушыдан Қоғамның бағалы қағаздарына олардың меншік құқығын растайтын үзінділерді алып отыруға;
  - 6) Қоғамның Директорлар кеңесін сайлауға;
  - 7) сот тәртібі бойынша Қоғам органдары қабылдаған шешімдермен дауласуға;
  - 8) өз атынан жеке дара немесе басқа акционерлермен жиынтықта Банктің дауыс берілетін акцияларының бес және одан да көп пайызына иелік еткен кезде Заңнаманың 63 және 74-баптарында ескерілген жағдайларда, сот органдарына Қоғамға Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірген шығындарын өтеу және Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының олардың ірі мәмілелерді және (немесе) оның жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді бекіту туралы шешім қабылдануының нәтижесінде олар алған пайданы (кірісті) Қоғамға қайтару туралы талаппен жүгінуге;
  - 9) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрату жасап жүгінуге және аталған сұрату Қоғамға түскеннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде уәждемелі жауап алуға;
  - 10) Қоғам таратылған жағдайда қалған мүліктің белгілі бір бөлігін иеленуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда Заңда белгіленген тәртіппен акцияларды немесе акцияларға айырбасталатын Қоғамның басқа да бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға;
- 11) Заңда ескерілген тәртіппен Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрлерін өзгерту туралы шешім қабылдауға құқығы бар.
2. Артықшылықты атаулы акцияларға иелік ететін акционерлердің мынадай құқықтары бар:
- 1) жай атаулы акциялары иелеріне қарағанда осы Жарғыға сәйкес белгіленген, алдын ала анықталған кепілді мөлшерде басымдықпен дивиденд алу;
  - 2) Қоғам таратылған жағдайда Заң белгілеген тәртіппен қалған мүліктің белгілі бір бөлігін алу;
  - 3) осы Жарғының 11-бабының 8-тармағында анықталған жағдайда Қоғамды басқаруға қатысу;
  - 4) Қоғам қызметі туралы ақпарат алып отыру, соның ішінде Жалғыз акционер немесе осы Жарғы анықтаған тәртіппен Қоғамның қаржылық есебімен танысу;
  - 5) тіркеушіден немесе номиналдық ұстаушыдан Қоғамның бағалы қағаздарына олардың меншік құқығын растайтын үзінділерді алып отыру;
  - 6) өз акцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыға сәйкес кепілге салу және сату;
  - 7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрату жасап жүгіну және аталған сұрату Қоғамға түскеннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде уәждемелі жауап алу;
  - 8) Заңда белгіленген тәртіппен Қоғамның артықшылықты акцияларды басымдықпен сатып алу;
  - 9) Қоғам органдары Қазақстан Республикасының заңнама нормаларын мен осы Жарғы қағидаларын бұзатын әрекеттер жасаған жағдайда өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгіну.
3. Қоғам ірі акционерінің сондай-ақ:
- 1) Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Қоғамның Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда сотқа талап арызбен жүгінуге;
  - 2) Қоғам Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
  - 3) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамға аудит жүргізуін талап етуге құқығы бар.
4. Жалғыз Акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында ескерілген өзге де құқықтарға ие бола алады.
5. Қазақстан Республикасының заңнамасында ескерілген жағдайларды қоспағанда осы баптың 1 тармағында белгіленген Жалғыз акционердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

#### **17-бап. Қоғамның Жалғыз акционерінің міндеттері**

1. Қоғамның Жалғыз акционері:
  - 1) акцияларды осы Жарғы мен Заңда қарастырылған тәртіп пен мөлшерде, сондай-ақ тәсілдермен төлеуге;
  - 2) 10 (он) жұмыс күн ішінде орталық депозитарийді және (немесе) тиесілі акциялардың

номиналдық ұстаушысын Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы хабардар етуге;  
қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Қоғам мен оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;  
Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

2. Қоғам және орталық депозитарий Жалғыз акционердің Жарғының осы бабы 1-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талапты орындамауының салдары үшін жауап бермейді.

## 5-тарау. Қоғам органдары

### 18-бап. Қоғам органдары

1. Қоғам органдары болып мыналар табылады:  
жоғарғы орган – Жалғыз Акционер;  
басқару органы – Директорлар кеңесі;  
атқару органы – Басқарма;  
Бақылау органы – ішкі аудит қызметі.

### 19-бап. Қоғамның Жалғыз Акционері

1. Қоғамда барлық дауыс беретін акциялар Жалғыз акционерге тиесілі, сондықтан акционерлердің жалпы жиналыстары өткізілмейді.

2. Қоғамның Жалғыз акционері заңды тұлға болғандықтан, Қазақстан Республикасы заңнамасында және (немесе) Қоғамның Жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді, мұндай шешімдерді Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес қабылдауға құқылы орган, лауазымды адамдар немесе қызметкерлер қабылдайды.

3. Жалғыз акционер жыл сайын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешім қабылдауға міндетті.

4. Жалғыз акционер шешім қабылдау үшін Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді дайындауды Қоғамның Басқармасы жүзеге асырады.

5. Қоғамның Директорлар кеңесі бастамашылық еткен мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына жіберу.

6. Жалғыз акционердің қарауына ұсынылған мәселелер:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- 2) өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін және Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін анықтау;
- 3) Жалғыз акционердің Қоғам мен оның лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне шағымдары және оларды қарау нәтижелері туралы мәселе қаралуда.

Директорлар кеңесінің Төрағасы Жалғыз акционерге Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы мүшелерінің сыйақы мөлшері мен құрамы туралы хабарлайды.

Жалғыз акционер қабылданатын шешімі Заңға және осы Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарастыруға құқылы.

### 20-бап. Жалғыз акционердің қузыреті

1. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;
- 2) Қоғамның Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе орналастырылмаған, бірақ жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау, сондай-ақ оларды өзгерту талаптары мен тәртібін анықтау;
- 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздардың шығарылымы

туралы шешімді қабылдау;

7) бір түрде орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін анықтау;

8) Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын, уәкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы мен шығыстардың өтемақы мөлшерін және төлеу талаптарын анықтау;

9) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

10) жылдық қаржылық есептемені бекіту;

11) Қоғамның есепті қаржылық жылдағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшерін бекіту;

12) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;

13) Қоғам акцияларына ерікті түрде делистинг жасау туралы шешім қабылдау;

14) Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуы немесе басқа заңды тұлғалардың қатысушылар (акционерлер) құрамынан Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы шығу туралы шешім қабылдау;

15) Қоғам Заңға сәйкес акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алғанда акциялардың құнын анықтау, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу әдістемесін бекіту;

16) акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін анықтау, егер мұндай тәртіп Қоғамның жарғысында айқындалмаса;

17) нәтижесінде құны елу және одан да артық пайызы иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылданған күнгі Қоғам активтерінің теңгерімдік құны жалпы мөлшерінің елу және одан да артық пайызын құрайтын мүлік иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) Қоғамның ірі мәміле жасауы туралы шешім қабылдау;

18) қабылданатын шешімі Заңға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес Акционерлер жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылуы мүмкін басқа мәселелер.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде басқа жағдай ескерілмесе, шешімінің қабылдануы Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер басқа органдардың, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне берілмейді.

3. Жалғыз акционердің Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқығы бар.

### **21-бап. Қоғамның Директорлар кеңесі**

1. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғам қызметіне жалпы басшылық ететін Қоғамның басқару органы болып табылады.

2. Директорлар кеңесінің мүшесі болып тек жеке тұлға болуы мүмкін.

Директорлар кеңесі мүшесінің Заңға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес оған жүктелген міндеттерін орындалуын басқа тұлғаларға табыстауға құқығы жоқ.

Жалғыз акционердің шешімі бойынша Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың міндеттерін орындау кезеңіне сыйақы төленеді және (немесе) олардың міндеттерінің орындалуына байланысты шығындарының орны толтырылады.

3. Директорлар кеңесінің мүшесі акционерлер – жеке тұлғалар, акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануы ұсынылған тұлғалар және (немесе) Қоғам акционері болып табылмайтын және акционер өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлануы ұсынылмаған жеке тұлғалар арасынан сайланады.

4. Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелерін Жалғыз акционер сайлайды.

Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауыстарын Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір үміткерге толығымен беруге немесе оларды бірнеше үміткердің арасында бөлуге құқылы. Дауыстардың басым көпшілігін жинаған үміткерлер Қоғам Директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі.

Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі және одан да көп үміткер тең мөлшерде дауыс жинаса, мұндай үміткерлер үшін акционерлерге бірдей мөлшерде дауыс жинаған үміткерлер көрсетілген кумулятивті дауыс беру бюллетендерін ұсыну арқылы қосымша



кумулятивті дауыс беру өткізіледі.

5. Басқарма Төрағасын қоспағанда, Басқарма мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері бола алмайды.

6. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны 3 (үштен) кем болмауы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызын тәуелсіз директорлар құрауы тиіс.

7. Директорлар кеңесі құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз қайта сайлана беруі мүмкін.

8. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы мәселені Жалғыз акционерге көтерген сәтте аяқталады.

9. Жалғыз акционердің шешімі бойынша Қоғам Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің (барлық мүшелерінің) өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Қоғамның Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің (мүшелерінің) өкілеттіктері оның (олардың) өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдаған күнінен бастап тоқтатылады. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін Жалғыз акционер сайлайды, бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттігін тұтас алғандағы аяқталу мерзімінде бір уақытта бітеді.

10. Директорлар кеңесі мүшесінің жеке бастамасымен өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілетін жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады. Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшесінің өкілеттігі тоқтатылған кезде Директорлар кеңесінің отырысындағы күн тәртібінің мәселелері бойынша шешім осы баптың 18-тармағында белгіленген жиналым сақталған жағдайда және осы шешімді қабылдау үшін Директорлар кеңесінің қалған мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілігі дауыс берген жағдайда қабылданады. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы баптың 18-тармағында белгіленген жиналымға жету үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы мәселені Жалғыз акционер алдында көтеруге ғана құқылы.

11. Қоғам Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелері арасынан Қоғам Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен жасыран дауыс беру немесе ашық дауыс беру арқылы сайланады.

Директорлар кеңесі Төрағаны кез келген уақытта қайта сайлауы мүмкін.

Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарында төрағалық етеді.

13. Директорлар кеңесі Төрағасы жоқ болған кезде Директорлар кеңесі шешімі бойынша оның функцияларын Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі атқарады.

14. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша немесе Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің, Ішкі аудит қызметінің, Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық мекеменің, Қоғам ірі акционерінің талабы бойынша шақырылады.

15. Директорлар кеңесі отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесі Төрағасына ұсынылатын Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі қамтылған тиісті жазбаша хабарландыруды жолдау арқылы ұсынылады.

Директорлар кеңесі төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамаушы осы талаппен Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Қоғам Басқармасына жүгінуге құқылы.

Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесі Төрағасымен шақыру туралы талап түскеннен кейін күнтізбелік он күн кешіктірілмей шақырылуы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты ұсынған тұлғаның міндетті шақырылуымен өткізіледі.

16. Отырысты өткізу туралы хабарлама Директорлар кеңесі мүшелеріне, егер Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелердің сипатына байланысты өзге мерзімді белгілемесе, отырыс өткізілетін күнге

дейін күнтізбелік 3 күннен кешіктірілмей жазбаша түрде отырыстың күнін, уақытын, өтетін жері мен күн тәртібін көрсете отырып жолданады.

17. Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғам Басқармасын өзінің Директорлар кеңесінің отырысына катыса алмайтындығы жөнінде алдын ала ескертуге міндетті.

18. Қоғам Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін жиналым тәуелсіз директорлардың біреуін қоса алғанда, Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем болмауы тиіс. Бұл ретте отырыста бола алмаған Директорлар кеңесінің мүшелері қарастыруға шығарылатын барлық мәселелерді талқылауға және олар бойынша дауыс беруге телефон байланысы немесе отырысты өткізу орнында қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшесін нақты сәйкестендіруге, және Директорлар кеңесінің аталған мүшесінің сөздерін және ойларын, қабылдап жатқан шешімдерін дәл қабылдауға мүмкіндік беретін өзге байланыс құралы арқылы қатыса алады.

Қоғам Директорлар кеңесі отырыс өткізу орнында болмаған Директорлар кеңесі мүшесінің қатысуымен шешім қабылдаған жағдайда, Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында Директорлар кеңесінің осы мүшесі шешімдерді қарауға және қабылдауға телефон байланысын немесе отырысты өткізу орнында қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшесін нақты сәйкестендіруге, және Директорлар кеңесінің аталған мүшесінің сөздерін және ойларын, қабылдап жатқан шешімдерін дәл қабылдауға мүмкіндік беретін өзге байланыс құралы арқылы қатысқаны туралы жазба болуы тиіс. Бұл жағдайда Директорлар кеңесінің осы мүшесі Қоғам Директорлар кеңесінің хатшысына қабылданған шешімдер бойынша оның дауыс беруінің нәтижелерін растайтын жазбаша құжатты жеке қолына табыстауы тиіс немесе пошта байланысы құралдары арқылы Директорлар кеңесінің отырысын өткізу күнінен бастап бір айдан кешіктірмей жолдауы тиіс. Бұл ретте Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі осы жазбаша құжаттың көшірмесін факсимильдік немесе электронды байланыс арқылы Қоғам Директорлар кеңесінің хатшысына отырыс өткен күннен кейін келесі жұмыс күннен кешіктірмей жолдауы тиіс.

19. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады.

Қоғам Директорлар кеңесінің шешімдері Қоғам Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен (отырысты жүзбен-жүз нысанда өткізген жағдайда) немесе Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының Директорлар кеңесі мүшелері қолтаңбаларының қарапайым көпшілік дауысы бар болған жағдайда (шешімдерді сырттай дауыс беру арқылы қабылдағанда) қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Қоғам Директорлар кеңесі Төрағасының дауысы (отырысты жүзбен-жүз немесе сырттай өткізген кезде) немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы (жүзбен-жүз отырысы өткізілген кезде) шешуші болып табылады.

20. Директорлар кеңесінің жүзбен-жүз тәртібінде өткізілген отырыста қабылданған шешімі отырыс өткізілген күннен бастап жеті күн ішінде Директорлар кеңесі отырысының хаттамасымен рәсімделеді.

Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында мына мәліметтер қамтылады:

Қоғамның толық атауы мен Қоғам Басқармасының орналасқан жері;

Директорлар кеңесінің отырысы өткізілген күні, орны және уақыты;

Директорлар кеңесінің отырысына қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;

отырыстың күн тәртібі;

дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген, осы мәселелер бойынша дауыс беру қорытындылары;

Директорлар кеңесінің отырысында қабылданған шешімдер;

Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге мәліметтер.

21. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе отырысына төрағалық етуші мен отырыс хатшысы қол қояды.

22. Қоғам Директорлар кеңесінің отырысына қойылған мәселелер бойынша шешімдер сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру тәртібімен қабылданған шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдердің жиналымы жеткілікті болғанда қабылданған болып танылады және жазбаша түрде (Директорлар кеңесінің сырттай отырысының хаттамасы) рәсімделуі тиіс және оған Директорлар кеңесінің төрағасы мен хатшысы қол қоюы тиіс.

Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімді рәсімдеу күніне бастап 20 (жиырма) күн ішінде ол сол шешім оларға негізделі қабылданған бюллетеньдердің көшірмелерінің

коса тіркелуімен Директорлар кеңесі мүшелеріне жолдануы тиіс.

23. Директорлар кеңесінің жүзбе-жүз және сырттай отырыстарының хаттамалары Қоғам мұрағатында сақталады, және оларды отырыс хатшысы Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің талабы бойынша Қоғамның өкілетті тұлғасының қолымен және Қоғам мөрімен расталған Директорлар кеңесінің жүзбе-жүз отырыстарының және (немесе) сырттай дауыс беру хаттамаларының немесе шешімдердің көшірмелерін танысу үшін ұсынады.

24. Ең маңызды мәселелерді қарастыру үшін және Директорлар кеңесіне арналған ұсыныстарды дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесі комитеттері құрылуы тиіс. Директорлар кеңесінің комитеттері келесі мәселелерді қарастырады:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар мен сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) Қоғамның ішкі құжаттарымен ескерілген өзге мәселелер.

Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, жоғарыда көрсетілген мәселелерді қарастыру Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесі мүшелері мен нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Функцияларына осы тармақтың 1) - 4) тармақшаларында ескерілген мәселелерді қарастыру кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) болып тәуелсіз директорлар табылады.

Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру мен жұмыс тәртібі, олардың саны мен сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

Комитет төрағасымен келісім бойынша жедел шешімдер қабылдауды қажет ететін мәселелер Директорлар кеңесінің қарауына Комитет алдын-ала қарамай жіберілуі мүмкін.

## **22-бап. Қоғам Директорлар кеңесінің құзыреті**

1. Қоғамның Директорлар кеңесі Заңмен және (немесе) осы Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуден басқа, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

2. Қоғам Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады: Қоғам қызметінің тиімділігі басым бағыттарын белгілеу және Қоғам дамуының Стратегиясын бекіту немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жайғдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту; Жалғыз акционердің қарауына мәселелер жіберу;

3) Заңда ескерілген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның жарияланған акцияларының саны шегінде акцияларды - орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, орналастыру (өткізу) әдісі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғам орналастырған акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу құны туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржы есебін алдын ала бекіту;

6) Директорлар кеңесі комитеттерін құру туралы шешім қабылдау, Директорлар кеңесі комитеттері туралы ережелерді бекіту және Директорлар кеңесі комитеттері мүшелерін сайлау;

7) Қоғамның туынды бағалы қағаздары мен облигациялар шығару талаптарын анықтау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;

8) Қоғам Басқармасы мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, Басқарма Төрағасы мен мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық қызметтерінің мөлшерін, енбекақы төлеу және сыйлықақы беру талаптарын анықтау;

10) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттіліктерінің мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Қоғамның

- Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбек ақы төлеудің көлемі мен талаптарын және сыйлықақы беру талаптарын анықтау;
- 11) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы төлеу талаптарын анықтау;
  - 12) аудиторлық ұйымның қаржы есептіліктің аудиті үшін қызметтерін төлеу мөлшерін, сондай-ақ Қоғам акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушы қызметіне ақы төлеу мөлшерін анықтау;
  - 13) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Қоғам Басқармасы қабылдайтын құжаттардан басқа, Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (ережелер, саясаттар), оның ішінде аукциондарды өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін анықтайтын ішкі құжаттарды бекіту;
  - 14) Қоғам филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту;
  - 15) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан артық пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;
  - 16) Қоғам міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан артық пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
  - 17) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияларды құрайтын ақпаратты анықтау;
  - 18) осы Жарғының 20-бабы 1-тармағының 20) тармақшасына сәйкес Қоғам Жалғыз акционері ірі мәмілелерді жасау туралы шешімін қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен Қоғамның мүдделігі бар ірі мәмілелерді және мәмілелерді жасалуы туралы шешім қабылдау;
  - 19) Қоғамның ұйымдық құрылымын бекіту;
  - 20) Заңда және (немесе) осы Жарғыда ескерілген Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын басқа да мәселелер.
3. Директорлар кеңесінің осы Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша және Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.
- Директорлар кеңесінің айырықша құзыретіне жатқызылған мәселелер шешім қабылдау үшін Қоғам Басқармасына берілуі мүмкін емес.
4. Директорлар кеңесі:
- 1) лауазымды тұлғалар және акционерлер деңгейінде әлеуетті мүдделер қайшылықтарын, соның ішінде Қоғамның мүлкін заңсыз пайдалану және мүдделілік бар мәмілерге қол қою кезінде қиянат жасауды бақылауға және мүмкіндігінше жоюға;
  - 2) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылау жүргізуге міндетті.

### **23-бап. Қоғам Басқармасы**

1. Басқарма Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық ететін Қоғамның алқалы атқарушы органы болып табылады.
2. Басқарма мүшелері Директорлар Кеңесімен кем дегенде 3 (үш) тұлға санында сайланады және қажеттілік жағдайында бұрын сайланған Басқарма мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Директорлар кеңесімен қайта сайланады. Басқарма мүшелері болып Қоғам акционерлері мен акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері тағайындалуы мүмкін.
3. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдерді қабылдауға құқылы.
4. Қоғам Басқармасының отырыстары қажеттілікке қарай өткізіледі. Қоғам Басқармасының отырыстарын өткізілуін Директорлар кеңесі сайлайтын Қоғам Басқармасының Төрағасы немесе оның орнын басатын тұлға ұйымдастырады.
5. Қоғам Басқармасының отырысы үшін жиналым болып Қоғам Басқармасы мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы қатысуы болып табылады.
6. Қоғам Басқармасының отырысында мәселелерді шешкен кезде Қоғам Басқармасының

әр мүшесі Басқарма отырысындағы шешімдер отырысқа қатысушы Басқарма мүшелерінің қарапайым көпшілігімен қабылданады. Дауыс саны тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

7. Қоғам Басқармасы мүшесінің дауыс құқығын Қоғам Басқармасының басқа мүшесін қоса алғанда, басқа тұлғаға табыстауына жол берілмейді.

8. Отырысында қабылданған Қоғам Басқармасының шешімдері отырысқа қатысушы Басқарма мүшелері қолдарын қоюлары және дауыс беруге салынған мәселелерді, әр мәселе бойынша Басқарма әр мүшесінің дауыс беру қорытындыларын көрсететін олар бойынша дауыс берудің қорытындыларын қамтуы тиіс хаттамамен рәсімделеді.

9. Басқарма отырысына қойылған мәселелер бойынша шешімдер сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін және Басқарманың сырттай отырысының хаттамасы ретінде рәсімделеді.

10. Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

11. Қоғам Басқарманың Қоғаммен белгіленген шектеулерді бұза отыра жасаған мәмілесі жарамдылығын, егер осы мәмілені жасасқан кезде тараптар осындай шектеулер жайлы білгенін дәлелдесе, дауласуға құқылы.

12. Қоғам Басқармасы мүшесінің басқа ұйымдарда қызмет атқаруына тек Директорлар кеңесінің келісімімен ғана рұқсат етіледі.

